



ХҒТАР 14.35.07

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-149-4-260-277>

Педагог-психологты инклюзивті білім беру ортасына кәсіби бейімделуге даярлау аспектілері

Б.К.Оспанова¹, Ж.Р.Шуакбаева*¹, Ш.О. Орынгалиева¹, С.К. Молдабекова², Ш.Б.Кадирсизова³

¹«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей, Қазақстан

²Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті КеАҚ, Көкшетау, Қазақстан

³Семей медицина университеті КеАҚ, Семей, Қазақстан

(E-mail: sandorik84bk@mail.ru, *zhshuakbayeva@mail.ru, oringalieva_sholpan1975@mail.ru, sakonya177@mail.ru, shnar_83kz@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада педагог-психологты инклюзивті білім беру ортасына кәсіби бейімделуге даярлаудың аспектілері қарастырылады. Инклюзивті білім беру мәселесі бойынша ғылыми-педагогикалық зерттеулер, тұлғаның қалыптасуы мен кәсіпке бейімделу үдерісі талданады. Жоғары оқу орындарындағы инклюзивті білім берудің жағдайын зерделеуде, сонымен қатар педагог-психологты инклюзивті білім беру ортасына кәсіби бейімделуге даярлау мәселесінің негізгі мазмұнын ашудағы зерттеулерді қарастыру шарт. Педагог-психологтардың кәсіби дамуы оларың кәсіби жетістіктеріне және кәсіби ортадағы тұлғалық типіне сай қанағаттануына тікелей байланысты. Аталған мәселені зерттеу, жоғарғы оқу орнындағы инклюзивті білім беру бағытындағы мәселелерді айқындау және педагог-психологтарды инклюзивті білім беру ортасына кәсіби бейімделуге даярлау мәселесінің негізгі мазмұнын анықтау мақсатында білім алушыларға Р.Кеттелдің тұлғаны көпфакторлы зерттеу әдістемесі (16PF – сауалнамасы) жүргізілді. Бұл зерттеу әдістемесінің мақсаты зерттеудің диагностикалық мінездемесін анықтау және инклюзивті білім берудің жағдайын саралау, сонымен қатар ПДТ бар балалармен жұмыс жүргізуде инклюзивті білім беру ортасына кәсіби бейімделуге даярлығы барысындағы зерттелушілердің топтарындағы заңдылықтарды қарастыру. Осы мақалада білім алушылардың жоғары оқу орнында кәсіби бейімделу мәселелері бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстары және олардың нәтижелері беріледі.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, кәсіби бейімделу, педагог-психологтың кәсіби даярлығы, инклюзивті білім беру ортасы, кәсіби даярлау.

Кіріспе

Біздің алға қарай тұрақты жылжуымыздың басты шарты — қоғамымыздың алға қойылған мақсаттарға қол жеткізудегі біртұтастығы, халықтың барлық жіктері мен топтарының ортақ міндеттерді шешуге бағытталған стратегия айналасында топтасуы. Егер біз қоғам мен халықтың түрлі топтарының қажеттіліктерін дұрыс ескеруге, басымдықтарды дәл айқындап, олардың іске асырылуын қамтамасыз етуге қабілетті болсақ, онда бұл ақиқатқа айналады. Мұны мемлекет халықтың жекелеген топтарымен және жекеше сектормен ынтымақтастығы негізінде іске асыруы қажет дей келе, Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы 1 қыркүйекте «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Қазақстан халқына Жолдауында: «Адал азамат және тұғырлы тұлға болудың негізі бала кезден қалыптасады. Сондықтан біз жас ұрпақтың қауіпсіз әрі алаңсыз өмір сүруін қамтамасыз етуге тиіспіз» деп атап көрсетті [1]. Осы мақсатқа жетуде білім беру жүйесін жетілдіру маңызды болып отыр. Білім беру саласында еліміздің мемлекеттік саясатын іске асырудың ұйымдастырушылық негізі, қазақстандық білім беруді жетілдіруді жалғастыруды қамтамасыз ететін ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында мектептерді жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз ету, болашақ педагогты инклюзивті білім беру ортасына кәсіби бейімделуге даярлауда тұлғалық қалыптасуы қарастырылған [2]. Инклюзивті білім беруді дамыту білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басым міндеттерінің бірі болып табылады. Баланың білім беру үдерісіне толық кіріктіруді қарастыратын инклюзивті білім беру - қазіргі таңда қоғамдағы өзекті мәселе.

Қосымша кәсіптік білім беру терминдері мен ұғымдарының сөздігінде [3]: инклюзивті білім беру - арнайы білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білімге тең қол жетімділікті қамтамасыз ету деген анықтама берілсе, инклюзивті білім беру мәселелері бойынша терминдер глоссарийінде: [4] инклюзивті білім беру - баланың және оның әр түрлі білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, әдіснаманы дамытуға бағытталған тәсіл, ал инклюзивті білім беру тұжырымдамалары жүйесінің қысқаша сөздігінде: инклюзивті білім беру - барлық балалардың әртүрлі қажеттіліктеріне сәйкес келетін білім беру кеңістігін құру негізінде бірлесіп оқытуды және барлығына сапалы білім берудің қол жетімділігін болжайды деп түсіндіріледі [5].

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Қазақстан Республикасындағы арнайы және инклюзивті білім берудің жағдайы мен дамуы» аналитикалық баяндамасында: инклюзивті (франц. *inclusif* – өзіне енгізетін, лат. *include* – ішіне аламын, енгіземін) немесе енгізілген білім беру – жалпы білім беру мектептерінде ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту үдерісін сипаттау үшін пайдаланылатын термин деп көрсетілген.

Кез келген мемлекетте арнайы білім беру жүйесінің дамуы қоғамның мәдени нормалары мен құндылық бағыттарының негізінде жүзеге асырылады. Демек, арнайы білім беру жүйесінің даму кезеңдері әр мемлекеттің және қоғамның даму тарихымен

тығыз байланысты. Инклюзивті білім беруде қоғамның қатынасы бірнеше факторлармен анықталады, оның ішіндегі негізгі факторлардың бірі – саяси әлеуметтік экономикалық, сонымен қатар халықтың философиялық көзқарасы, діни адамгершілік деңгейі болып табылады [6].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «инклюзивті білім беру - ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін үдеріс» деп көрсетілген [7]. Осы үдерісті жүзеге асыру маманның кәсіби-тұлғалық сипаттамасының толық бейнеленуінен көрініс табады. Себебі, жоғары білім беру жүйесіндегі болашақ педагог-психолог мамандардың кәсіби бейімделуге даярлығын қалыптастыру мәселесі көптеген ғалымдардың зерттеулеріне негіз болды. Сондықтан, «бейімделу», «кәсіби бейімделу», «инклюзивті орта» түсініктерінің мазмұнын ашуды жөн көрдік.

«Бейімделу» термині қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде [8]: техникалық жүйенің сыртқы орта жағдайларының өзгеруіне байланысты ол туралы ақпарат жинау және оны пайдалану арқылы өз қалып-күйлерін (жұмыс істеу алгоритмін, параметрін, құрылымын) өзгертуі; ағзалардың тарихи даму кезеңіндегі тіршілік ортасына икемделуі.

Кәсіби бейімделудің кезеңдеріне байланысты зерттеуіміз бойынша талдау негізінде аталған ұғымның өзіне де түрлі көзқарастар бар екендігі анықталды. Сонымен «бейімделу» жаңа ортаны меңгеруге бағытталған белсенді үдеріс, кәсіби бейімделудің мазмұнын жетілдіру және сапалы меңгеру деп тұжырымдаймыз.

Кәсіби бейімделу жеке тұлға мен оның ортасы бір-біріне өзара әсер ететін жаңа әрекет жағдайына кіру үдерісі ретінде анықталады, ол ұжым ішіндегі қарым-қатынас, оның жаңа жүйесін қалыптастырады. Іс-әрекетке кірісе отырып, кәсіби және әлеуметтік-психологиялық қатынастар жүйесіне белсенді түрде енгізіледі, жаңа нормалар мен құндылықтарды меңгереді, өзінің жеке ұстанымын өндірістің мақсаттары мен міндеттерімен келіседі. Сондықтан кәсіби бейімделу үдерісінде болашақ педагог-психологтардың жеке ерекшеліктері әрекет барысында ұйымдастырушылық шарттарға барынша сәйкес келуі маңызды.

Бейімделу, оның ішінде кәсіби бейімделу мәселелерін зерттеу көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапты: К.А. Абульханова-Славская [9], Г.А. Балл [10], А.А. Реан [11], А.А. Налчаджян [12], А.В. Филиппов [13], В.П.Казначеев [14], Ф.Б. Березин [15], А.Н. Жмыриков [16] және т.б.

Жоғары оқу орындарында кәсіпке бейімделу кезінде үлкен нәтижелер көрінсе, соған орай болашақ педагог-психологтың мотивациясы жоғарылайды және кәсіп арқылы оның шығармашылық дамуы басталады, тұлғаның іс-әрекет мәнері, үлгісі, қарым-қатынасы, мінез-құлқы, қызығушылығы, құндылығы қалыптасады.

Тұлғаның қалыптасуы мен кәсіпке бейімделу үдерісі үздіксіз болуы қажет. Сонымен қоса, кәсіпке бейімделу кезінде тұлғаның құндылықтар жүйесі, қызығушылықтары т.б. аялары бір-бірімен өте тығыз байланыста болады, сондықтан да оларды бөліп қарастыру мүмкін емес.

Біз болашақ педагог-психолог мамандардың кәсіби қалыптасуының психологиялық құрылымын қарастырамыз. Бұл құрылымды психологиялық тұжырымдарға сүйене отырып талдау жасап қарағанымызда төмендегідей ретті байқауға болады:

1) бұл қиындықты жеңудің аралық сапалары, яғни ішкі сезімдер, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезіне білуі, кәсіби өсуді мақсат етіп қою, жетістіктерге дайын болу;

2) кәсіби бейімделудің келесі сапасы тұлғаның психикалық үдерістерін іс-әрекет мазмұнына бағыттап отырып, кәсіби қасиеттерді дамыту және тәжірибе жинақтау;

3) бейімделудің негізгі бөлімі тұлғаның жаңа әлеуметтік орнын меңгеруі, бұл қоғаммен байланысы, тұлғааралық қарым-қатынасы, өзін-өзі басқара алуы;

4) кәсіби бейімделудің маңызды сапалары - уақыт өлшемі болып табылады.

Белгілі ғалым Р.Х. Шакуров болашақ маманның бейімделуінің негізгі үш кезеңін атап көрсетеді [17]:

1) бейімделудің алғашқы баспалдағы ретінде оқу барысында болашақ маманның өзін-өзі дайындауы;

2) психикалық үдерістерді бейімдеу мен бұрыннан қалған кедергілерді жеңуі;

3) тұлғаның жеке біліктілік қасиеттері мен мамандықтың мазмұнына сай іс-әрекетті ұйымдастыруы.

Ал белгілі ғалым А.Г. Ростунов бейімделудің 4 деңгейін көрсетеді [18]:

1) кәсіби іс-әрекеттің және оны игерудің бөлшектерімен танысу;

2) кәсіби іс-әрекетті жоғары деңгейде орындау;

3) кәсіби іс-әрекетті тиімді, сапалы түрде қойылған талаптармен нормалық ерекшеліктерге байланысты орындауға үйрену;

4) кәсіби шеберлікті қалыптастыру.

Кәсіпке бейімделу – болашақ педагог-психологтың кәсіби өзін-өзі анықтау жүйесінің соңғы буыны. Кәсіпке бейімделу болашақ педагог-психологтың болашақ өміріне де өте үлкен әсерін тигізеді. Сондықтан кәсіпке бейімделу кезеңін зерттеудің теориялық та, практикалық та маңызы зор.

Кәсіптік бағдар және психологиялық қолдау сөздігінде: кәсіби бейімделу – адамның жаңа еңбек жағдайларына бейімделуі (оның әртүрлілігі – осы өндірістік топтағы белгілі бір еңбек жағдайларына бейімделу ретінде өндірістік бейімделу) [19], ал қысқаша түсіндірме психологиялық-психиатриялық сөздікте: кәсіби бейімделу - адамның мамандық талаптарына бейімделуі, кәсіби функцияларды орындау үшін қажетті өндірістік-техникалық және әлеуметтік мінез-құлық нормаларын игеруі [20] – деп анықтамалар беріледі. Ал, Д.Ж. Маркович ортаны адамның өмірлік іс-әрекеттері орындалатын табиғи және жасанды жағдайлардың бірігуі деп анықтады.

Адамның ортасын анықтауда Л.В. Максимова ортаны табиғи және әлеуметтік мінезді өзара байланыстағы бірқатар компоненттерден тұратын күрделі құрылым деп белгіледі.

Н.Б. Крылова «орта» деп әлеуметтік-мәдени кеңістіктің бөлігін, білім беру жүйелерінің өзара байланыстар аймақтарын, процестердің субъектілерін белгіледі. Мұнда ортаның негізгі көрсеткіштері болып қарым-қатынастар, құндылықтар, белгілер, заттар және пәндер табылады [21].

Сөздіктерде «орта» деп адамды қоршаған әлеуметтік (тұрмыстық жағдайлар, заттық орта, сонымен бірге бұл жағдайлармен байланыстырылған адамдар қауымы белгіленеді.

Л.И. Божович ортаны «даму жылдамдығын, жаңа сапалы құрылымдардың пайда болуын қамтитын, дамудың ішкі және сырттай жағдайларының ерекше бірігуі» деп

анықтады [22]. Автордың ойынша, ортаға қосылған баланың уайымдарының, ортаға деген қатынасының мінезін түсіну өте маңызды. Ғалым баланың ортаға ғана қатынасын қамтымай, сонымен бірге сол ортада оның белсенділігін арттыратын, рухани (кеңестік және заттық (кеңістік бағыттарды дамытуды қажет дейді. Ал, инклюзивті білім беру ортасы – дамуында ерекшелігі бар балалардың әлеуметтенуге және білім, біліктер мен дағдыларды игеруге деген дербес қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құрылатын құндылықты-бағдарланған орта деп тұжырымдаймыз.

Қазіргі жағдайда инклюзивті білім беруге педагогтардың кәсіби дайындығын ұғыну жеке-іс-әрекетті (В.Н. Введенский, И.А. Зимняя, Э.Ф. Зеер, А.К. Маркова, Л.М. Митина, Э.Э. Сыманюк және т.б.) және контекстік (А.А. Вербицкий, М.Д. Ильязова) көзқарастарды біріктіретін құзыреттілік тәсіл арнасында жүргізіледі.

Бірқатар ғылыми зерттеулер педагогтың инклюзивтік білім беруге дайындығын компенттік көзқарас тұрғысынан қарастырады Т.Г. Зубарева, И.Н. Хафизуллина, В.В. Хитрюк және т.б..

Ғылыми басылымда В.В. Хитрюк инклюзивтік дайындық «тұлғаның күрделі интегралдық субъектілік сапасы» ретінде анықталады, оның негізін педагогтың кәсіби қызметті тиімді орындауына ықпал ететін құзыреттер құрайды деп түсіндіреді [23].

Ресей зерттеушісі Е.Г. Самарцеваның [24] пікірінше, педагогтың инклюзивті білім беруге кәсіби даярлығы – инклюзивті білім беруді нәтижелі жүзеге асырудың іргелі шарты, инклюзивті білім беруді іске асыруға бейімділігі мен қажеттілігі белсенді түрде болатын ұстанымдарымен сипатталатын, инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын арнайы білімдер, іскерліктер мен дағдылар ретінде көрінетін динамикалық, интегративті, кәсібитұлғалық білім. Кәсіби даярлық инклюзивті білім беру жағдайында баланы толыққанды оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асыру бойынша кәсіби әрекетті орындау қабілеті мен педагогтың ойлау бағыттылығынан көрінеді.

Е.Г. Самарцева жасаған балаларға инклюзивті білім беру педагогының кәсіби бейімделуге даярлығы құрылымына келесі түйінді, мазмұнды компоненттер кіреді: тұлғалық-мәндік (инклюзивті білім берудің идеологиясын қабылдауға педагогтың рефлекстелген ұстанымы, педагог санасының, ерік, сезімдерінің балаларға инклюзивті білім беруге уәждемелік), когнитивті (балаларға инклюзивті білім беруге қажетті кәсіби-педагогикалық білімдер кешені) және технологиялық (мектепке дейінгі балаларға инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың кәсіби-тәжірибелік іскерліктер кешені).

Жоғарыда зерттеулердің негізгі тұжырымдамасына сүйене отырып, инклюзивті білім беру ортасына кәсіби бейімделуге даярлаудың ерекшеліктері –теориялық білімнің болуы және білім алушылармен жұмыс жасау тәсілдері мен жолдарын игеру, сонымен қатар оқу іс-әрекетіне деген мотивациясын қалыпты етуін қамтамасыздандыру үшін қажетті жеке тұлғалық сапаларының қалыптасуынан көрініс береді деп негіз айтуға болады.

Инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби бейімделуге педагог-психологтың даярлығы – бұл тиімді кәсіби-педагогикалық әрекет мүмкіндігін анықтайтын және академиялық, кәсіби және әлеуметтік-тұлғалық құзыреттіліктер кешеніне сүйенетін, педагог тұлғасының күрделі интегралды субъективті сапасы. Осы орайда, білім беруді

реформалау жағдайында жаңа тұжырымдамалы ойлайтын, болып жатқан әлеуметтік-педагогикалық үдерістердің мәнін түсінетін педагог-психологтарды даярлау қажеттілігі туындайды.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Болашақ педагог-психологтың кәсіби даярлығын қалыптастыруда, тұлғадағы мамандыққа икемділік белгілі қызметке деген бейімділігінен де көрініс табады. Кәсіби даму үдерісі кәсіби жетістікке, оның кәсіби ортадағы тұлғалық типіне сәйкес қанағаттануына байланысты. Зерттеудің диагностикалық мінездемесін айқындау мақсатында және ЖОО-дағы инклюзивті білім берудің жағдайын зерделеуде, сонымен қатар педагог-психологты инклюзивті білім беру ортасына кәсіби бейімделуге даярлау мәселесінің негізгі мазмұнын ашуда 1-4 курс студенттерінің арасында сауалнама жүргізілді. Зерттеудің мақсаты ретінде ПДТ бар балалармен жұмыс жүргізуде инклюзивті білім беру ортасына кәсіби бейімделуге даярлығы барысындағы зерттелушілердің топтарындағы заңдылықтарды қарастыру үшін Р.Кеттелдің тұлғаны көпфакторлы зерттеу әдістемесі (16PF – сауалнамасы) жүргізілді [25]. Негізгі міндет - инклюзивті білім берудегі зерттелушілердің хабардар болуы негізіндегі жеке тұлғалық қасиеттерімен байланысы. Осы міндеттерге байланысты SPSS-24 бағдарламасы бойынша корреляциялық талдау жасалынды. Зерттелушілердің жеке тұлғалық қасиеттерін зерттеуге Р.Б. Кеттелдің 16-тұлғалық факторларын зерттелушілердің бақылау және эксперименттік топтарына жүргіздік.

Зерттеу нәтижелері

Корреляциялық талдаудың Пирсон әдісі бойынша негізгі нәтижелері төменгідей болды: Р.Б.Кеттелдің әдістемесіндегі А факторы адамның көпшілдігі немесе тұйықтығын көрсетеді. Инклюзивті білім туралы зерттелушілердің хабардар болуы А факторымен өте тығыз байланыста $r=0,152$, $p>0,01$ /. Бұл, жалпы студенттердің басқа адамдарға деген шынайы ниеттерінің арқасында және қарым-қатынас жасауға дайындығымен, көпшіл болуымен тікелей байланысты. «Инклюзивті білім беруді қажет ететін балалар қатарына қандай балаларды жатқызасыз?» деген сұрақпен А факторының байланысы да өте жоғары $r=0,138$, $p>0,05$ /, «Инклюзивті білім беру туралы нормативтік-құқықтық құжаттарға енгізілген бе?» сұрағымен $r=0,1236$ $p>0,05$ / байланысты көрсетсе, «Сіз оқитын жоғары оқу орнында инклюзивті білім беруге байланысты пән оқытыла ма?» сұрағы бойынша $r=0,168$, $p>0,01$ / байланысты көрсетеді. «Болашақта инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жасауға дайынсыз ба?» $r=0,173$, $p>0,01$ / көрсеткіштерін көрсетсе, «Болашақта ПДТ бар балалармен жұмыс жасауға дайынсыз ба?» $r=0,120$, $p>0,05$ / көрсеткіштерін көрсетті.

Р.Б.Кеттелдің әдістемесіндегі В факторы адамның интеллектісінің даму деңгейін сипаттайды. Демек, неғұрлым болашақ маманның интеллектісі жоғары болса, соғұрлым педагогикалық әрекетке бейім болады. Интеллект факторы зерттелушілердің курсы,

«Инклюзивті білім беру туралы білесіз бе?» / $r=0,137$, $p>0,05$ /, «Инклюзивті білім беруді қажет ететін балалар қатарына қандай балаларды жатқызасыз?» / $r=0,228$, $p>0,01$ /, «Инклюзивті білім беру туралы нормативтік-құқықтық құжаттарға енгізілген бе?» / $r=0,194$, $p>0,01$ /, «Сіз оқитын жоғары оқу орнында инклюзивті білім беруге байланысты пән оқытыла ма?» / $r=0,192$, $p>0,01$ /, «Оқытылатын жағдайда пәннің мазмұны қанағаттандыра ма?» / $r=0,278$, $p>0,01$ / деген сұрақтарымен тығыз өзара тәуелділігі анықталды. Көрсетілген сұрақтар мен олардың өзара оң мағынадағы тығыз байланыстары зерттелушілердің дайындық деңгейін көрсетеді деген қорытынды жасауға болады. Себебі, бұл психологиялық заңдылық. Аталып көрсетіліп отырған психологиялық заңдылық студенттердің интеллектісі, білімге құштарлығы және оқуға деген мотивациясы неғұрлым жоғары болса, олардың инклюзивтік білім беруге деген дайындығы да соғұрлым жоғары деген қорытынды жасауға болады. Зерттелушілердің интеллектісінің жоғарылығы «Болашақта инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жасауға дайынсыз ба?» / $r=0,164$, $p>0,01$ /, «Болашақта ПДТ бар балалармен жұмыс жасауға дайынсыз ба?» / $r=0,218$, $p>0,01$ / деген сұрақтармен де тығыз байланысты болып шықты. Әрине бұл психологиялық заңдылық.

Студенттердің Р.Б. Кеттелдің әдістемесі бойынша эмоционалдық тұрақтылықты анықтауға бағытталған С факторы «Сіз оқитын жоғары оқу орнында инклюзивті білім беруге байланысты пән оқытыла ма?» / $r=0,131$, $p>0,05$ /, «Болашақта инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жасауға дайынсыз ба?» / $r=0,121$, $p>0,05$ /, «Болашақта ПДТ бар балалармен жұмыс жасауға дайынсыз ба?» / $r=0,115$, $p>0,05$ / деген сұрақтармен олардың болашақта инклюзивті балаларды оқытуға деген және білім алуға деген дайындығының көрсеткіші болып табылады. Бұл фактормен жоғарыда көрсетілген сұрақтардың өзара байланысы, яғни болашақ мамандардың инклюзивті білім беруге дайындығы олардың эмоционалдық тұрақтылығымен тығыз байланысты деген қорытындыға келеміз. С факторы көптеген ғалымдар адамның моральдық даму деңгейімен, олардың әртүрлі стерсске төзімділігін, қиындығы көп мамандықтармен байланыстырады. Бұл қасиет осы заңдылықтарды көрсетіп отыр.

Р.Б. Кеттелдің әдістемесіндегі келесі тұлғалық фактор Е факторы. Бұл фактордың негізгі мағынасы адамның /доминанттылық және бағынушылық/ лидерлік қасиеттері емес, оның үлкен табандылығының арқасында басқа адамдарға өздерінің әсерін тигізе алатынын көрсетеді. Осы аталған фактор бойынша да зерттелушілердің оқитын курсы және олардың инклюзивті білім алуға дайындығының көрсеткіші ретінде қойылған сұрақтармен байланысы да өте тығыз екендігі анықталды. Бұл сұрақтар Е факторының келесі сұрақтармен тығыз оң байланысы бар екенін көруге болады. Мысалы: «Инклюзивті білім беруді қажет ететін балалар қатарына қандай балаларды жатқызасыз?» / $r=0,194$, $p>0,01$ /, «Сіз оқитын жоғары оқу орнында инклюзивті білім беруге байланысты пән оқытыла ма?» / $r=0,121$, $p>0,05$ /, «Оқытылатын жағдайда пәннің мазмұны қанағаттандыра ма?» / $r=0,209$, $p>0,01$ /, деген сұрақтарға зерттелушелердің берген жауаптары айғақ болып отыр. Дегенмен, зерттелушілердің Е факторымен «Болашақ маман ретінде мүмкіндігі шектеулі балаларсен жүргізілетін жұмыстардың формаларын білесіз бе?» / $r=0,133$, $p>0,05$ /, «Болашақ маман ретінде ПДТ бар балалар жөнінде

психологиялық-педагогикалық зерттеулер жөнінде білесіз бе?» / $r=0,178$, $p>0,01$ / деген сұрақтар арасында кері байланыс анықталды.

Р.Б. Кеттелдің жеке тұлғалық әдістемесіндегі F факторының мағынасы /ұстамдылығы экспрессивтілігі/ адамның сабырлы, байыпты болуымен өзінің экспрессивті, педагогикалық шығармашылық жұмысқа деген дайындығының, педагогқа қойылатын талаптарға сай екендігін пайымдайтын тұлғалық қасиеттерін көрсетеді. Аталған фактормен «Инклюзивті білім беруді қажет ететін балалар қатарына қандай балаларды жатқызасыз?» / $r=0,158$, $p>0,01$ /, «Оқытылатын жағдайда пәннің мазмұны қанағаттандыра ма?» / $r=0,193$, $p>0,01$ / деген сұрақтардың арасында да оң тығыз байланыс анықталды. Бұл тығыз байланыс болашақ педагог маманның экспрессиялық көрсеткіші, өзінің шығармашылығын көрсете алатындығын дәлелдеп отыр.

Болашақ педагог-психологтың кәсіби іс-әрекетке деген дайындығының көрсеткіші олардың /қаталдылық сезімталдылық/ өз кәсіптеріне сезімтал, оқушы балаларды түсінуге деген дайындығы I факторынан да көрініп тұр. Яғни, болашақ педагог-психолог неғұрлым сезімтал, оқушыларды түсіне білетін қабілетінің жоғары болуы, олардың кәсіби іс-әрекетке деген дайындығының көрсеткіші ретінде қарастыруға болады. Р.Б. Кеттелдің әдістемесі бойынша I факторы тұлғаның сезімтал болуын анықтайды. Осы фактор бойынша болашақ педагогтардың «Инклюзивті білім беру туралы білесіз бе?» / $r=0,180$, $p>0,01$ /, «Инклюзивті білім беруді қажет ететін балалар қатарына қандай балаларды жатқызасыз?» / $r=0,152$, $p>0,01$ /, «Инклюзивті білім беру туралы нормативтік-құқықтық құжаттарға енгізілген бе?» / $r=0,191$, $p>0,01$ /, «Оқытылатын жағдайда пәннің мазмұны қанағаттандыра ма?» / $r=0,143$, $p>0,05$ /. Көрсетілген сұрақтардағы жалпы инклюзивтік білім туралы өздерінің білуі және кәсіби әрекетке дайындығы айғақ. Яғни, ПДТ бар балалар туралы, оларға арналған нормативтік құжаттар туралы хабардар болуы және ПДТ бар балаларды анықтауға деген алғашқы білімдерінің болуы да аталған жеке тұлғалық қасиеттермен тығыз оң байланысы бар екендігін көрсетіп отыр. Бұл, анықталған психологиялық заңдылық та болашақ педагог-психологтың педагогикалық іс-әрекетке дайындығының көрсеткіші ретінде қарастыруға болады. Дегенмен, аталған фактор зерттелушілер тобына қойылған «Сіз оқитын жоғары оқу орынында мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуына жағдай жасалған ба?» / $r=0,127$, $p>0,05$ / деген сұрақпен кері байланысы анықталды. Біздің пікірімізше, анықталған кері байланыста да белгілі бір заңдылық бар екенін көрсетеді.

Р.Б. Кеттел әдістемесінің L факторы тұлғаның /сенімділік және күдіктену/ басқа адамдарға сенуі немесе күдікпен қарауына деген көзқарасын көрсетеді. Осы фактор бойынша нәтиже неғұрлым жоғары болса, соғұрлым жеке адам басқа адамдарға күдікпен қарайды. Яғни, L факторының төменгі мәні басқа адамдарға ашық, жарқын түрде өзінің шынайы ниетін көрсете алатын, басқа адамдарға деген қарым-қатынасының шын жүректен екенін көрсетеді. Бұл фактор «Сіз оқитын жоғары оқу орнында мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуына жағдай жасалған ба?» / $r=0,126$, $p>0,05$ / деген сұрақпен кері байланыста. Яғни, аталған фактор адамның тұлғалық қасиеті ретінде неғұрлым ашық, жарқын болса, соғұрлым зерттелушілердің инклюзивті білімі туралы көңілі толмай, білімге деген құштарлығының жоғары екендігін көрсетеді.

Р.Б. Кеттелл әдістемесінің М факторы адамдардың /практикалық және армандаушылық/ күнделікті өмірде прагматикалық көзқарасын немесе олардың өз идеяларымен өмір сүріп, қиял үдерісінің өте жоғары деңгейде дамығанын көрсетеді. Осындай адамдар күнделікті өмірде өздерінің арман-мақсаттарымен, алдына қойған мақсаттарына қол жеткізуге деген ынтасының жоғары екендігін көрсетеді. Аталған М факторы «Инклюзивті білім беру туралы білеіз бе?» / $r=0,115$, $p>0,05$ /, «Инклюзивті білім беру туралы нормативтік-құқықтық құжаттарға енгізілген бе?» / $r=0,148$, $p>0,01$ /, «Сіз оқитын жоғары оқу орнында инклюзивті білім беруге байланысты пән оқытыла ма?» / $r=0,130$, $p>0,05$ /, «Оқытылатын жағдайда пәннің мазмұны қанағаттандыра ма?» / $r=0,121$, $p>0,05$ /, «Болашақта инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жасауға дайынсыз ба?» / $r=0,248$, $p>0,01$ /, «Болашақта ПДТ бар балалармен жұмыс жасауға дайынсыз ба?» / $r=0,268$, $p>0,01$ /, «Болашақ маман ретінде мүмкіндігі шектеулі балалармен жүргізілетін жұмыстардың формаларын білесіз бе?» / $r=0,157$, $p>0,01$ /, «Болашақ маман ретінде ПДТ бар балалар жөнінде психологиялық-педагогикалық деген сұрақтарымен өте тығыз байланысы анықталды. Бұл факторлардың негізгі нәтижесі бойынша адамның неғұрлым өзінің ішкі жан дүниесі бай болса, өзінің алдына қойған мақсаттарына ғана ұмтылыс жасап, өздерінің барлық қиял-жігерін алдына қойған мақсаттарына ғана жетелейтін күш ретінде қарастыруға болатынын атап көрсетуге болады.

Жалпы, Р.Б.Кеттелдің әдістемесі бойынша Q1, Q2, Q3, Q4 факторлары тұлғаның әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін сипаттайтын фактор болып саналады. Бұл әдістеме жалпы түрде адамның қоғамдық қарым-қатынастарын жеке тұлғалық қасиеттер ретінде сипаттайтын болса, Р.Б.Кеттелдің аталған факторлары осы қасиеттерді нақтылай түсетінін айтуға болады. Сондықтан, Р.Б. Кеттел осы факторларды жалпы Q факторлары деп атап, олардың жеке тұлға құрылымында ерекше орын алатынын көрсетті. Яғни, аталған факторлар Р.Б. Кеттелдің тұлға теориясында адамның қоғамдық қарым-қатынастарын, оның күнделікті өмірдегі негізгі қажеттілік екендігін көрсетеді. Мысалы, Q1 факторының жоғары мәні адамның қоғамда еркін ойлап, адамның ғылымға, білімге деген құштарлығын, күнделікті өмірде еркін ойлап, өздерінің интеллектуалдық потенциалдарының жоғары екендігін көрсетеді. Ал, Q2 факторы /конформизм-нонконформизм/ адамның қоғамда басқа адамдарға тәуелді немесе тәуелсіз екендігін көрсетеді. Q3 факторы /төмен өзін-өзі бақылау және жоғары өзін-өзі бақылау/ тұлғаның басқа адамдармен қарым-қатынас барысында өздерінің жігерілілігі, өте жоғары деңгейдегі ерік процестерін, өздерінің эмоциялары мен жүріс-тұрыстарын қатаң түрде қадағалап қарым-қатынас жасайтынын көрсетеді. Р.Б. Кеттелдің әдістемесіндегі Q4 факторының жоғары мәні тұлғаның жинақылығын, күш-жігерінің жоғары болып, өздерінің алға қойған мақсаттарына, тезірек әрекет жасап, қимыл-қозғалысының жинақы түрде болатынын анықтайды. Яғни, бұл фактор да тұлғаның жоғары деңгейдегі ұмтылыстарын көрсетеді. Демек, осы фактор да зерттеуіміздің нәтижесін дәлелдейтін фактор болып табылады. Енді осы аталған екінші деңгейдегі әлеуметтік психологиялық факторларды қарастыратын болсақ, төмендегідей корреляциялық байланыстарды нақты түрде атап көрсетуге болады.

Білім алушылардың тұлғалық қасиеттерін ПДТ балалармен жұмыс жасауға дайындығын зерттеу барысындағы қарастырып отырған тұлғалық қасиеттер Р.Б. Кеттелдің әдістемесі бойынша Q1 факторы бойынша келесі өзара тығыз корелляциялық байланыстар анықталды. Талдау жасалып отырған Q1 факторы білім алушылардың «Инклюзивті білім беруді қажет ететін балалар қатарына қандай балаларды жатқызасыз?» / $r=0,134$, $p>0,05$ /, «Инклюзивті білім беру туралы нормативтік-құқықтық құжаттарға енгізілген бе?» / $r=0,118$, $p>0,05$ / деген жауаптарымен тығыз оң байланысы айқындалып отыр. Аталған Q1 факторының байланысы зерттелушілердің жалпы инклюзивтік білім алуына дайындығын, олардың инклюзивтік білім беру ортасында білім алуға бағытталған нормативтік құжаттармен де таныс екендігін көрсетіп отыр. Яғни, зерттелушілердің жалпы инклюзивтік білім алуға деген дайындығының жоғары, олардың инклюзивтік білім туралы жалпы хабардар екендігін көрсетеді.

Q2 факторы да «Оқытылатын жағдайда пәннің мазмұны қанағаттандыра ма?» / $r=0,159$, $p>0,01$ /, «Болашақта инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жасауға дайынсыз ба?» / $r=0,137$, $p>0,05$ /, «Болашақта ПДТ бар балалармен жұмыс жасауға дайынсыз ба?» / $r=0,159$, $p>0,01$ / деген жауаптарымен зерттелушілердің инклюзивті білім алуға дайындығын, оқытылатын пәндердің мазмұнын жақсы біліп, көңілдері толмай, алған білімдеріне қанағаттанбайтынын көрсетеді. Яғни, зерттелушілер өздерінің инклюзивті бағытта білім беруге, олардың жалпы ПДТ балалармен жұмыс жасауға деген дайындығының жоғары екендігін көрсетеді. Корелляциялық талдау барысында анықталған Q2 факторының жоғарыда көрсетілген сұрақтарға берілген жауаптары да біздің негізгі болжамдарымызды дәлелдейтіні айғақ болып отыр.

Р.Б.Кеттел әдіснамасының Q3 факторының жоғары мәні тұлғаның қоғамдағы жағымды жүріс-тұрыстарымен, жақсы қылықтарымен, өздерінің жүріс тұрыстарын әрдайым қадағалап, күнделікті өмірде басқа адамдармен қарым-қатынас барысында саналы түрде өздерін этикалық талаптарға сай өмір сүретінін көрсетеді. Корелляциялық талдау барысында Q3 зерттелушілерге қойылған факторы «Инклюзивті білім беруді қажет ететін балалар қатарына қандай балаларды жатқызасыз?» / $r=0,130$, $p>0,05$ /, «Оқытылатын жағдайда пәннің мазмұны қанағаттандыра ма?» / $r=0,112$, $p>0,05$ / деген сұрақтармен тығыз байланысы анықталды. Яғни, Q3 факторындағы тұлғалық қасиет зерттелушілердің инклюзивтік білім беру туралы хабардар екенін және оқытылатын пәндердің инклюзивтік білімге арналған оқу бағдарламасына көңілдері толмайтынын, басқа да қосымша білім алуға деген құштарлығын, дайындығын көрсетеді. Анықталған тығыз корелляциялық байланыс та жұмыстың негізгі мән мақсаттарын дәлелдеуге арналған айғақ ретінде қарастыруға болады. Неғұрлым білім алушылардың инклюзивті білім туралы білімдері жоғары болған сайын, соғұрлым тұлғалық қасиеттерінің мазмұны қоғамда адамдарға жақсы істерімен, жағымды қылықтарымен қарым-қатынас жасай алатындығы айқындалып отыр деген тұжырым жасауға болады.

Р.Б. Кеттел әдістемесі бойынша Q4 факторы білім алушылардың оқитын курсымен байланысты екендігі анықталды. Демек, зерттелушілер оқу барысындағы курс деңгейі неғұрлым жоғары болған сайын, соғұрлым өздерінің педагогикалық әрекетке дайын екендігін, студенттер оқу барысында педагогикалық әрекеттің қыр-сырларын

меңгеру барысында саналы түрде өздерін педагогикалық әрекетке бағыттап, өздерінің педагогикалықкәсіптерін меңгеруге, игеруге деген тұлғалық-мотивациялық қасиеттерін жалпы педагогикалық білім беру жүйесі қалыптастырады деп тұжырым жасауға болады. Бұл анықталған корреляциялық байланыс біздің еңбегіміздің мән-мақсаттарын ғана емес, жалпы педагогикалық білім беру, зерттелушілердің педагогикалық әрекетке, оны өз өмірінің негізгі мәні ретінде қабылдап, курстан курсқа өту барысында педагогикалық талаптарға сай тұлғалық қасиеттерінің жалпы білім алу үдерісінде қалыптасатынын анықтайды. Демек, педагогикалық жоғары оқу орынындағы білім бағдарламасының білім алушыларды болашақ өздерінің мамандықтарына деген кәсіби тұлғалық талаптарға сай тәрбиелей алатынын көрсетіп отыр.

Талқылау

Р.Б. Кеттелдің 16-тұлғалық факторлары бойынша зерттеу жұмысының нәтижелерін бойынша келесідей тұжырымдамаға келуге болады. А факторы бойынша көрсетіліп отырған тығыз корреляциялық байланыстар болашақ педагог-психологтың адамдарға деген жақсы ниеттері мен көзқарастары неғұрлым жоғары болса, соғұрлым кәсіби деңгейі жоғары болады деп тұжырымдама жасауға мүмкіндік береді. Яғни, көрсетілген психологиялық заңдылықты болашақ мамандардың көпшіл болуы ПДТ балаларды оқытып, тәрбиелеуге деген құзыреттілік талаптар деп те айтуға болады. Көрсетілген корреляциялық байланыс жалпы педагогикалық құзыреттілікпен тығыз байланысты және бұл педагогикалық әрекетке қойылатын жалпы талап деп айтуға болады. Адамның интеллектісінің даму деңгейін сипаттын В факторының нәтижесі неғұрлым студенттердің білім деңгейі, ой-өрісінің ауқымды болуы, олардың болашақта инклюзивті білім беру ортасында жұмыс жасауға деген дайындығының көрсеткіші екендігін білдіреді. Білім алушылар неғұрлым басқа адамдарға тәуелді болса, соғұрлым олардың ПДТ балалармен жұмыс жасау формаларын, ПДТ балалардың психологиялық және педагогикалық ерекшеліктеріне қатысты зерттеулермен таныс болу мүмкіншіліктерінің төмен екендігін көрсетіп отыр. Бұл анықталған заңдылық та адамның білімге деген және өз кәсібін игеруге деген ынтасының аз болған сайын олардың да білімдерінің төмен болатынын С факторы көрсетіп отыр.

F факторы болашақ педагог өзінің кәсіби бейімделуіне, педагогикалық қабілетін көрсетуіне деген құштарлығы да айғақ болса, болашақ педагог-психологтың сезімталдығы, олардың жанашырлық қасиеттері инклюзивті білім беру ортасында ПДТ бар балалармен жұмыс жасауға деген құштарлығын және өздерінің алған білімдерімен шектеліп қана қоймай, өздерінің білім деңгейіне қанағаттанбай, осы мәселе туралы көп білгісі келіп тұрғанын көрсетеді. Бұл анықталған заңдылық та біздің пайымдауымызға қарсы келмейді, яғни біздің болжамымызды дәлелдеуге бағытталған факт ретінде қарастыруға болатындығын I факторынан көреміз. Тұлғаның қасиеттерінің, басқа адамдарға деген шынайы көзқарасының, яғни педагогикалық қабілеттің құрамына кіретін жеке тұлғалық фактор ретінде қарастыруға болады. Бұл L факторды да біздің зерттеуіміздің мақсат-міндеттерін дәлелдейтін айғақ ретінде қарастыруға болады.

Жоғарыда көрсетілген М фактор білім алушылардың педагогикалық әрекетке бағытын, алдарына қойған мақсаттарына ұмтылып, жақсы маман болуға деген ниетін көрсетіп отыр. Анықталған жоғары деңгейдегі М факторының оң байланыстары да біздің зерттеу барысындағы қойылған болжамдарымыздың дәлелі болып табылады. Жалпы, М факторы да білім алушыларға қойылатын педагогикалық кәсіби әрекетке сай келетін жеке тұлғаға қойылатын талаптарды анықтап отыр. Демек, тұлғаның ішкі жандүниесінің байлығы жоғары болған сайын олардың ПДТ балалар туралы білімге деген құштарлығын, осындай балалармен жұмыс жасауға дайындығын көрсететін индикатор ретінде қарастыруға болады. Анықталған Кеттел әдістемесі бойынша М факторы да біздің жұмысымыздың дәлелі болып саналады.

Сонымен қатар, жұмысымыздағы айқындалған корелляциялық талдауда Р.Б.Кеттелдің әдістемесі бойынша зерттелушілердің жеке тұлғалық қасиеттерін сипаттайтын G, H, N және O факторларымен болашақ педагог-психологтардың инклюзивті білім алуға деген дайындығын көрсететін сұрақтармен байланысы анықталған жоқ. Жалпы, Р.Б.Кеттел әдістемесі бойынша G факторы тұлғаның / мінез-құлықтың төмен деңгейі және мінез-құлықтың жоғары деңгейі/ жүріс-тұрысының қоғамда қойылатын талаптарға сай келетіні, келмейтінін көрсететін тұлғалық қасиет. G факторы жалпы зерттелушілердің жүріс-тұрысының қоғамдық талаптарға сай екендігін көрсетеді. Зерттелушілердің осы фактор бойынша жалпы сипаттамасы жоғары көрсеткіш болып отыр. Яғни тікелей және тығыз корелляциялық байланыс зерттелушілер тобында анықталмағанымен, олардың қоғамдағы жүріс-тұрысы моральдық деңгейде де педагогикалық әрекетке сай келетіндігін көрсетіп отыр. H факторы адамның шығармашылық және басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға деген белсенділігін анықтайтын тұлғалық фактор. Осы фактор бойынша да анықталмаған корелляциялық байланыс тұлғаның басқа адамдармен белсенді түрде қарым-қатынас жасауға дайындығын көрсетеді. N факторы /тік мінезділік және дипломатиялық/ және O факторы /тыныш және алаңдаушылық/ тұлғаның басқа адамдармен қарым-қатынас жасау барысындағы тік мінезділігін, байыптылығын көрсететін фактор. Аталған факторлармен де корелляциялық байланыс анықталмады. Оның себебі, көрсетілген тұлғалық қасиеттермен жалпы адамға тән қасиеттер, педагогикалық қабілеттермен тікелей байланысы жоқ деп тұжырымдауға болады. Бұл тұлғалық қасиеттер қоғамдағы қарым-қатынаста қалыптасатын адами қасиет деп тұжырымдауға болады. [26]

Қорытынды

Демек, зерттелушілер оқу барысындағы курс деңгейі неғұрлым жоғары болған сайын, соғұрлым өздерінің педагогикалық әрекетке дайын екендігін, студенттер оқу барысында педагогикалық әрекеттің қыр-сырларын меңгеру барысында саналы түрде өздерін педагогикалық әрекетке бағыттап, өздерінің педагогикалық кәсіптерін меңгеруге, игеруге деген тұлғалық-мотивациялық қасиеттерін жалпы педагогикалық білім беру жүйесі қалыптастырады деп тұжырым жасауға болады. Бұл анықталған корелляциялық байланыс біздің диссертациялық еңбегіміздің мән-мақсаттарын ғана

емес, жалпы педагогикалық білім беру, зерттелушілердің педагогикалық әрекетке, оны өз өмірінің негізгі мәні ретінде қабылдап, курстан курсқа өту барысында педагогикалық талаптарға сай тұлғалық қасиеттерінің жалпы білім алу үдерісінде қалыптасатынын анықтайды. Демек, педагогикалық жоғары оқу орнындағы білім бағдарламасының білім алушыларды болашақ өздерінің мамандықтарына деген кәсіби тұлғалық талаптарға сай тәрбиелей алатынын көрсетіп отыр. С факторы болашақ педагог-психолог неғұрлым стресске төзімді және эмоциясы тұрақты болса, соғұрлым олардың болашақта ПДТ бар балалармен жұмыс жасауға деген дайындығының жоғары екендігін көрсетіп отыр. Сондықтан, білім алушылардың эмоционалдық тұрақтылығы неғұрлым жоғары болған сайын, олардың кәсіби әрекетке де соғұрлым дайын екендігін көрсетеді. Бұл байланысты психоанализ бағытындағы жұмыс жасайтын зерттелушілердің «Эго қуаттылығы» деп пайымдайды. Яғни, адамның ЭГО қуаттылығы жоғары болған сайын, соғұрлым табандылықпен, қажырлылықпен инклюзивті білім беру ортасында ПДТ бар балалармен жұмыс жасауға дайындығының нақты көрсеткіші ретінде қарастыруға болады.

Авторлардың қосқан үлесі

Б.К. Оспанова – теориялық тұжырымдама жасау, зерттеу жұмысын ұйымдастыру, мақалаға байланысты материалдарды талдау

Ж.Р. Шуакбаева – зерттеу жұмысының нәтижелеріне талдау жасау, зерттеу жұмысын түсіндіру

Ш.О. Орынғалиева – зерттеудің әдістемесін жобалау, теориялық тұжырымдама жасау

С.К. Молдабекова – білім алушылар арасында эксперимент жүргізу және оның нәтижесін талдау, эмпирикалық мәліметтерді дайындау

Ш.Б. Кадирсизова – білім алушылар арасында эксперимент жүргізу және оның нәтижелерін талдау

Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысында «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Қазақстан халқына Жолдауы [Электрондық ресурс]. – 2023.–URL:<https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416> (жүгінген күні: 10.02.2024)

2. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 726 қаулысы [Электрондық ресурс]. –2021.–URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726> (жүгінген күні: 24.12.2023)

3. Лямзин М.А., Громкова М.Т. Словарь терминов и понятий дополнительного профессионального образования. – М.: ИРДПО. – 2013. – 29 с.

4. Стаценко Л.В. Глоссарий терминов по вопросам инклюзивного образования. – Краснодар. – 2016. – 12 с.

5. Макарьев И.С. Краткий словарь системы понятий инклюзивного образования: терминологический словарь. – СПб.: СПб ГБ ПОУ «Охтинский колледж». -2015. – 84 с.

6. Қазақстан Республикасындағы арнайы және инклюзивті білім берудің жағдайы мен дамуы: аналит. баяндама / Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. – Астана.- 2016. – 78 б.
7. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы [Электрон. ресурс]. - 2007. - URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> (жүгінген күні: 10.02.2024)
8. Құсайынов А.Қ. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мектеп. - 2002. – 456 б.
9. Абульханова-Славская К.А. Стратегия жизни.– Москва: Мысль.- 1991. – 299 с.
10. Балл Г.А. Теория учебных задач: психолого-педагогический аспект. – М.: Педагогика.- 1990. – 184 с.
11. Реан А.А., Кудашев А.Р., Баранов А.А. Психология адаптации личности: анализ, теория, практика. – СПб.: Прайм-Еврознак. - 2006. – 479 с.
12. Налчаджян А.А. Психологическая адаптация: механизмы и стратегии. – Изд. 2-е, перер. и доп. – М.: Эксмо. - 2010. – 368 с.
13. Филиппов А.В., Липинский В.К., Князев В.Н. Производственная социология, психология и педагогика. – М.: Высшая школа. - 1989. – 253 с.
14. Казначеев В.П. Современные аспекты адаптации.– М.:Наука. -1980. – 191 с.
15. Березин Ф.Б. Психическая и психофизиологическая адаптация, человека. – Л.: Наука. - 1988. – 270 с.
16. Жмыриков А.Н. Диагностика социально-психологической адаптивности личности в новых условиях деятельности и общения: автореф. ... канд. псих. наук: 19.00.07. – Л., 1989. – 15 с.
17. Шакуров Р.Х. Социально-психологические основы управления: руководитель и педагогический коллектив. – М.: Просвещение. - 1990. – 208 с.
18. Ростунов А.Т. Формирование профессиональной пригодности. – Минск: Вышэйш. шк. - 1984. – 176 с.
19. Дружинин Н.Е. Словарь по профориентации и психологической поддержке. – Томск: Томский центр профессиональной ориентации. - 2003. – 154 с.
20. Игишева К. Краткий толковый психолого психиатрический словарь [Электрон. ресурс]. - 2008. – URL: <http://med.niv.ru/doc/dictionary/psycho-psychiatric/index>. 22.11.2016
21. Силантьева Т.А., Накоскин А.Н., Накоскина Н.В. и др. Социальная поддержка как фактор психологической устойчивости личности и безопасности инклюзивного образовательного пространства // Практическая медицина. – 2019. – Т. 17. №1. – С. 28-42.
22. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. Психологическое исследование. – М.: Просвещение. - 2008. – 398 с.
23. Хитрюк В.В. Формирование инклюзивной готовности будущих педагогов в условиях высшего образования: автореф. ... док. пед. наук: 13.00.08. – Калининград. - 2015. – 54 с.
24. Самарцева Е.Г. Формирование профессиональной готовности будущих педагогов к инклюзивному образованию детей дошкольного возраста: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.08. – Орел. - 2012. – 195 с.
25. Ospanova B., Borisova A., Mironova A., Ju Ch. State of preparation of a teacher-psychologist for professional adaptation to an inclusive educational environment // Revista Amazonia Investiga. – 2020. – Vol. 9, Issue 29. – P. 204-212.
26. Berikkhanova G., Ospanova B., Yermenova B. et al. The effectiveness of the training model of the future teacher in conditions of inclusive education// International Journal of Education and Practice. – 2021. – Vol. 9, №4. – P. 670-686.

Б.К.Оспанова¹, Ж.Р.Шуакбаева*¹, Ш.О. Орынғалиева¹, С.К. Молдабекова², Ш.Б.Кадирсизова³

¹УО «Alikhan Bokeikhan University», Семей, Казахстан

²НАО «Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова», Кокшетау, Казахстан

³НАО «Медицинский Университет Семей», Семей, Казахстан

Аспекты подготовки педагога-психолога к профессиональной адаптации в инклюзивной образовательной среде

Аннотация. В статье рассматриваются аспекты подготовки педагога-психолога к профессиональной адаптации в инклюзивной образовательной среде. Анализируются научно-педагогические исследования по проблеме инклюзивного образования, процесс становления личности и адаптации к профессии. Необходимо рассмотреть исследования в изучении условий инклюзивного образования в высших учебных заведениях, а также в раскрытии основного содержания проблемы подготовки педагога-психолога к профессиональной адаптации к среде инклюзивного образования. Профессиональное развитие педагогов-психологов напрямую зависит от их удовлетворенности профессиональными достижениями и типом личности в профессиональной сфере. В целях изучения данной проблемы, выявления проблем инклюзивного образования в вузе и определения основного содержания проблемы подготовки педагогов-психологов к профессиональной адаптации к инклюзивной образовательной среде среди обучающихся проведена методика многофакторного исследования личности Р.Кеттеля (16PF – опросник). Целью данной методики исследования является выявление диагностической характеристики исследования и дифференциация условий инклюзивного образования, а также рассмотрение закономерностей в группах испытуемых в процессе подготовки к профессиональной адаптации к инклюзивной образовательной среде в работе с детьми с ОВЗ. В данной статье представлены исследовательские работы, проведенные среди обучающихся по вопросам профессиональной адаптации в вузе и их результаты.

Ключевые слова: инклюзивное образование; профессиональная адаптация; профессиональная подготовка педагога-психолога; инклюзивная образовательная среда; профессиональная подготовка.

Б.К. Ospanova¹, Zh.R. Shuakbayeva*¹, Sh.O. Oryngaliyeva¹,

S.K. Moldabekova², Sh.B. Kadirsizova³

¹EI «Alikhan Bokeikhan University», Semey, Kazakhstan

²«Kokshetau University named after Sh.Ualikhanov» NCJSC, Kokshetau, Kazakhstan

³NAO «Semey Medical University» NCJSC, Semey, Kazakhstan

Aspects of teacher-psychologist training for professional adaptation in an inclusive educational environment

Abstract. The article deals with the aspects of preparation teacher-psychologist training for professional adaptation in an inclusive educational environment. Scientific and pedagogical research on the problem of inclusive education, the process of personality formation, adaptation to the profession are analysed. It is necessary to consider the research in the study of conditions of inclusive education in higher education institutions, as well as in the disclosure of the main content of the problem

of preparation of a teacher- psychologist to professional adaptation to the inclusive educational environment. Professional development of teacher- psychologists directly depends on their satisfaction with professional achievements and personality type in the professional sphere. In order to study this problem, to identify the problems of inclusive education in the university and to determine the main content of the problem of preparation of teacher- psychologists to professional adaptation to an inclusive educational environment among students, the method of multifactor personality research of R. Kettel (16PF - questionnaire) was conducted. The purpose of this research methodology is to identify the diagnostic characteristics of the study and differentiation of conditions of inclusive education. This article presents research work conducted among students on the issues of professional adaptation in higher education and their results.

Key words: inclusive education; professional adaptation; professional training of teacher-psychologist; inclusive educational environment; vocational training

References

1. Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokaevtyн Kazakstan Respublikasy Parlamenti palatalarynyn birlesken otyrysynda «Adiletти Kazakstannyn ekonomikalyk bagdary» Kazakstan halkyna Zholdauy [Elektrondyk resurs]. – 2023.–URL:<https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416> (zhygingen kyни: 10.02.2024)
2. «Bilimdi ult» sapaly bilim беру» ulttyk zhobasyn bekitu туралы. Kazakstan Respublikasy Ykimetinин № 726 kaulysy [Elektrondyk resurs]. –2021.–URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726> (zhygingen kyни: 24.12.2023)
3. Lyamzin M.A., Gromkova M.T. Slovar' terminov i ponyatij dopolnitel'nogo professional'nogo obrazovaniya. – M.: IRDPO. - 2013. – 29 s.
4. Stacenko L.V. 4. Glossarij terminov po voprosam inklyuzivnogo obrazovaniya. – Krasnodar. - 2016. – 12 s.
5. Makar'ev I.S. Kratkij slovar' sistemy ponyatij inklyuzivnogo obrazovaniya: terminol. slovar'. – SPb.: SPb GB POU «Ohtinskij kolledzh». -2015. – 84 s.
6. Kazakstan Respublikasyndagy apnaiy zhәne inklyuzviti bilim bepudin zhagдай мен damuy: analit. bayandama / Y. Altynsapin atyndagy Uttyk bilim akademiasy. – Astana. - 2016. – 78 b.
7. Kazakctan Pеспублиkasynyn Bilim туралы Zany [Elektron. resurs]. - 2007. - URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> (zhygingen kyни: 10.02.2024)
8. Kuscaiyнов A.K. Қазак тили tepmindepinин salalyk gylymi tusindirме sozdigi. – Almaty: Mektep. - 2002. – 456 b.
9. Abul'hanova-Clavckaya K.A. Ctpategiya zhizni. – Moskva: Mycl'. - 1991.– 299 s.
10. Ball G.A. Teopiya uchebnyh zadach: pсihologo-pedagogicheckij acpekt. – M.: Pedagogika.- 1990. – 184 s.
11. Pean A.A., Kudashev A.P., Bapanov A.A. Pсихология adaptacii lichnoctи: analiz, teopiya, ppaktika. – CPb.: Ppajm-Evroznak. - 2006. – 479 s.
12. Nalchadzhyan A.A. Pсихологичеккая adaptaciya: mekhanizmy i ctpategii. – Izd. 2-e, pepep. i dop. – M.: Ekcmo. - 2010. – 368 s.
13. Filippov A.V., Lipinckij V.K., Knyazev V.N. Ppoizvodctvennaya cociologiya, pсихология i pedagogika. – M.: Vycshaya shkola. - 1989. – 253 c.

14. Kaznacheev V.P. Sovremennye aspekty adaptacii. – M.: Nauka. - 1980. – 191 s.
15. Bepezin F.B. Psichicheskaya i psichofiziologicheskaya adaptaciya, cheloveka. – L.: Nauka. - 1988. – 270 s.
16. Zhmyupikov A.N. Diagnostika social'no-psichologicheskoy adaptipo-vannosti lichnosti v novyh ucloviyah deyatel'nocti i obshcheniya: avtopef. ... kand. psich. nauk: 19.00.07. – L., 1989. – 15 s.
17. Shakurov R.H. Social'no-psichologicheskie osnovy upravleniya: rukovoditel' i pedagogicheskij kollektiv. – M.: Prosveshchenie. - 1990. – 208 s.
18. Rostunov A.T. Formirovanie professional'noj prigodnosti. – Minsk: Vyshejsh. shk. - 1984. – 176 s.
19. Druzhinin N.E. Slovar' po proforientacii i psichologicheskoy podderzhke. – Tomsk: Tomskij centr professional'noj orientacii. - 2003. – 154 s.
20. Igisheva K. Kratkij tolkovyj psichologo psichiatricheskij slovar' [Elektron. resurs]. - 2008. – URL: <http://med.niv.ru/doc/dictionary/psycho-psychiatric/index>. 22.11.2016
21. Silant'eva T.A., Nakoskin A.N., Nakoskina N.V. i dr. Social'naya podderzhka kak faktor psichologicheskoy ustojchivosti lichnosti i bezopasnosti inklyuzivnogo obrazovatel'nogo prostranstva // Prakticheskaya medicina. – 2019. – T. 17. №1. – S. 28-42.
22. Bozhovich L.I. Lichnoct' i ee fopmipovanie v detckom vozpacte. Pckhichologicheskoe iccledovanie. – M.: Ppocveshchenie. - 2008. – 398 s.
23. Hitpyuk V.V. Fopmipovanie inklyuzivnoj gotovnosti budushchih pedagogov v ucloviyah vycshego obpazovaniya: avtopef. ... dok. ped. nauk: 13.00.08. – Kaliningpad. - 2015. – 54 c.
24. Camarceva E.G. Fopmipovanie pprofessional'noj gotovnosti budushchih pedagogov k inklyuzivnomu obpazovaniyu detej doshkol'nogo vozpacta: dic. ... kand. ped. nauk: 13.00.08. – OpeL. - 2012. – 195 c.
25. Ospanova B., Borisova A., Mironova A., Ju Ch. State of preparation of a teacher-psychologist for professional adaptation to an inclusive educational environment // Revista Amazonia Investiga. – 2020. – Vol. 9, Issue 29. – R. 204-212.
26. Berikkhanova G., Ospanova B., Yermenova B. et al. The effectiveness of the training model of the future teacher in conditions of inclusive education // International Journal of Education and Practice. – 2021. – Vol. 9, №4. – R. 670-686.

Авторлар туралы мәлімет:

Б.К. Оспанова – PhD, «Alikhan Bokeikhan University» ББМ педагогика және психология кафедрасының доцент м.а, Мәңгілік ел көшесі, 11, 071400, Семей, Қазақстан

Ж.Р. Шуакбаева – байланыс үшін автор, «Alikhan Bokeikhan University» ББМ «8D01101 - Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының PhD докторанты, Мәңгілік ел көшесі, 11, 071400, Семей, Қазақстан

Ш.О. Орынғалиева – PhD, «Alikhan Bokeikhan University» ББМ педагогика және психология кафедрасының доцент м.а., Мәңгілік ел көшесі, 11, 071400, Семей, Қазақстан

С.К. Молдабекова – PhD, «Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ педагогика және психология кафедрасының қауымд. профессоры, Абай көшесі, 76, 020000, Көкшетау, Қазақстан

Ш.Б. Кадирсизова – PhD, «Семей медицина университеті» КеАҚ «Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының қауымд. профессоры, Абай көшесі, 103, 071400, Семей, Қазақстан

Сведения об авторах:

Б.К. Оспанова – PhD, и. о. доцента кафедры педагогики и психологии, УО «Alikhan Bokeikhan University», ул. Мангилик ел, 11, 071400, Семей, Казахстан.

Ж.Р. Шуакбаева – автор для корреспонденции, PhD докторант образовательной программы «8D01101-Педагогика и психология», УО «Alikhan Bokeikhan University», ул. Мангилик ел, 11, 071400, Семей, Казахстан.

Ш.О. Орынғалиева – PhD, и. о. доцента кафедры педагогики и психологии, УО «Alikhan Bokeikhan University», ул. Мангилик ел, 11, 071400, Семей, Казахстан.

С.К. Молдабекова – PhD, ассоц. профессор кафедры педагогики и психологии НАО «Кокшетауский университет им.Ш. Уалиханова», ул. Абая, 76, 020000, Кокшетау, Казахстан.

Ш.Б. Кадирсизова – PhD, ассоц. профессор кафедры общеобразовательных дисциплин, НАО «Медицинский университет Семей», ул. Абая, 103, 071400, Семей, Казахстан.

Information about authors:

B.K. Ospanova – PhD, Associate Professor of the Department of Pedagogy and Psychology, «Alikhan Bokeikhan University» EI, str Mangilik el, 11, 071400, Semey, Kazakhstan

Zh.R. Shuakbayeva – corresponding author, the doctoral student in the study programme 8D01101 «Pedagogy and Psychology», «Alikhan Bokeikhan University» EI, str Mangilik el, 11, 071400, Semey, Kazakhstan

Sh.O. Oryngaliyeva – PhD, Associate Professor of the Department of Pedagogy and Psychology, «Alikhan Bokeikhan University» EI, str Mangilik el, 11, 071400, Semey, Kazakhstan

S.K. Moldabekova – PhD, Associate Professor of the Department of Pedagogy and Psychology, Kokshetau University named after Sh.Ualikhanov, str Abay, 76, Kokshetau, Kazakhstan

Sh.B. Kadirsizova – PhD, Associate Professor of the Department of General Educational Disciplines, Semey Medical University, str Abay, 103, 071400, Semey, Kazakhstan